



Автор: Утегалиева Нәзира Урыновна
Пән: Дүниетану. Тарих компоненті
Сынып: 2-сынып
Бөлім: Менің отбасым және достарым
Тақырып: Қазақстанда жасалған

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1.1.1.5 Тұтыну заттарына деген өз қажеттіліктерінің құрылымын, олардың қайдан келетінін анықтау. 1.1.1.4 Тауар-ақша қатынасының қарапайым түрлерін түсіндіру.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: тұтынуға қажетті өнімдерді біледі. Көптеген оқушылар: тұтынуға қажетті өнімдердің қайдан және қалай келе-тінін түсінеді. Кейбір оқушылар: Қазақстанда жасалатын өнімдерді, Отандық фабрика, зауыттардың қандай өнімдерін күнделікті өмірде қолданатынын біледі, зерттейді
Тілдік мақсаттар:	Өнім – продукт –product өндіріс – производство – production құрам – состав – ingredients
Бағалау критерийлері:	- Тұтынуға қажетті өнімдерді атайды; - Тұтынуға қажетті өнімдердің қайсысы ақшаға және қайсысы еңбек нәтижесінде келетінін түсінеді; - Отандық өнімдерді Қазақстан экономикасындағы маңыздылығын анықтайды
Құндылықтарды дарыту:	Отанымыздың қай жерлерінде өнімдер шығаратынын ұғындыра отырып, еңбектің маңызын түсіндіру, оның еліміздің экономикасына маңыздылығын түсіндіру.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интерактивті тақтаны қолдану барысында оқушылар бірін-бірі тыңдау ойларын айту дағдыларын жүзеге асады
Пәнаралық байланыс:	Жаратылыстану, көркем еңбек, математика
Бастапқы білім:	Тауар ақша қатынасының қарапайым түрлері. Тұтыну заттарына деген өз қажеттіліктері және олардың қайдан келетіні


Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы
(10 мин)

Ширату жаттығулары «Тәтті және дәмді»

Мақсаты: Жағымды көңіл-күй орнату - Балалар музыкаға әртүрлі қимылдар жасайды. - Музыка тоқтағасын 3 түрлі шоколад көрсетіп, балалар өздеріне ұнаған шоколадты жейді.




- Ал осы шоколадтардың ішінде біздің елде жасалған шоколад бар ма?
(оқушылар оны анықтайды)

«Алматы апорты», «Фудмастаер» компаниясы туралы бейнебаян

Тілдік мақсаттарды орындау: Өнім - продукт -product

Image not found or type unknown



Балалар бұл белгіні қайда көргенін сұрау арқылы жаңа сабаққа көшу


Музыка Шоколадтар

Сабақтың ортасы
(20 мин)

1-тапсырма. Ойлан.

(Ж) «Ойлан» тапсырмасы Тұтынуға қажетті өнімдерді атайды. Күнделікті қолданатын заттардың суретін көрсетіңдер. (Оқушылар алдарында жатқан суреттерді көтереді)

Олар сенің үйіңе қайдан келеді, неге сенің үйіңе болады?



Дискриптор: Ақшаға сатып алынатын заттарды атады.

Күнделікті қолданатын заттардың суретін көрсете біледі.

Олар үйге қалай келетінің біледі.

(ҚБ) «Бармақ» әдісі арқылы оқушыларды ынталандырамын. Балалар, олай болса біздің бүгінгі өтетін сабағымыз не туралы болмақ? Қалай ойлайсыңдар?

/Оқушылар жауаптары тыңдалады/

Елімізде қандай өнімдер шығарылатынын білетін боласыңдар.

Олай болса сабағымызға критерий құрайық.

- Балалар, енді барлығымыз тақтаға қарап мына заттың не екенін айтайықшы?

/Мұғалім тұсбағдардың суретін көрсетеді

/ -Бұл не? /Тұсбағдар/

Тұсбағдардан не көреміз? /тұстарды көреміз/

Картамен жұмыс. Картаның суретін көрсету.

-Бұл не? Картадан Қазақстанның төрт тұсын анықтап шығайық...

(Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан).

Картадан бір-бір тұлға өңірді көрсетіңдер?

(Батыс) - Ақтөбе қаламызда «Ақ-Қыс» фабрикасында жұмыртқа өндіреді.





image not found or type unknown



Мұғалім: -Бүгінгі сабақта Қазақстанда қандай өнімдер өндірілетіні жайлы айтамыз. - Сабақ саяхат түрінде өтеді.

Оқушылар саяхат жасау үшін 2 топқа бөлінейік.

Ол үшін суреттер тандап алады (Суреттер: ет өнімдері, сүт өнімдері,)

Мұғалімнің түсіндіруі: Өндіріс – кез келген пайдаланатын заттарды

жасап шығаратын орын, ал құрам – бір бүтін нәрсенің барлық

бөлшектерінің жиынтығы. Мысалы, «Анаң саған бәліш дайындады. Анаң

бәлішті жасап шығар-ған өндіріс орны ас үй болса, шығарылған өнімі бәліш

болады», «Анаң ботқа дайындау үшін нелерді қосады?

Осы атаған заттардың барлығы ботқаның құрамы деп аталады». Бұл

сөздердің үш тілдегі атауларының жазылуын интерактивті тақтада

көрсету. Оқулықтағы мәтінді бір оқушыға сыныптың алдында мәнер-леп

оқып беруін сұрау.

ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ.

1-саяхат. "Ғажайып Қазақстан" еліне

Бұл тапсырманы орындау үшін оқушылар оқулықтағы картаны қолданады.

(Т) Еліміздегі тамақ өндірісі

Әр топқа Солтүстік, Оңтүстік, Шығыс, Батыс атаулары бойынша елі-міздің

бөліктеріне зерттеу саяхатын жасауды тапсыру. Оқушылар қай өңірде

қандай тағам өндірілетінін анықтауы керек. Нәтижесін постерге орындауы

тиіс. Бұл тапсырманы орындау үшін оқушылар сынып бойынша ілінген

суреттер мен сөйлемдерді жинайды. Әр топ мүшесі тиісті сурет пен

Проектордан көрсету.
(Суреттер)

Сабақтың соңы
(7 мин)

Сәйкестендір:

Image not found or type unknown





Image not found or type unknown



(Т) Сен сен білесің бе? Топтарға әртүрлі Қазақстанда жасалған өнім түрлері таратылады. Олар ол өнімдерді қарап, оның не екенін айтады, қай жерде өндірілгенін сыртқы қабынан оқиды. Саяхат соңында Алматы қаласына келеміз. Оқушылар картадан Алматы қаласын көрсетеді. Қаланың неге бұлай аталу себебін сұрау Қосымша мәлімет: Алматының апорт алмасы туралы әңгімелеу.

Таңғажайып апорт алмасы. Апорт – бұл алманың бірегей сұрыбы. Ол халықаралық көрмелерде жоғары марапатқа ие болды. Апорт Алматы қаласының нағыз нышанына айналды. Бүгінгі таңда Қазақстанда Алматы апортын өсіруді жандандыру мәселесі көтеріліп отыр. Мемлекеттің қолдауымен бұл алма сұрыбын қайта жандандыру жөніндегі ғылыми бағдарлама жасалды.

Рефлексия: «Жүректен жүрекке» шеңбері

Оқушылармен шеңберге тұрып, сұрақтарға жауап алу, сабақта алған түсініктерін анықтау.

Рефлексия (3 мин)	Өзін-өзі бағалау «Мен». Тақтада ілініп тұрған жетістік ағашына стикерлер жапсыру арқылы өздерін бағалайды. білемін және түсінемін-жасыл білемін, бірақ қолдануға қиналамын-сары Маған қиын болды- қызыл	
----------------------	---	--